# ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

Жақында Екібастұз қаласында көмір кен орындарын алғаш ашқан Қосым Пішенбаевты еске алуға арналған дзюдодан 2006-2007 жылғы ер балалар мен қыздар арасындағы XIX республикалық турнирде жерлесіміз, спорт шеберлігіне үміткер Бекмағамбетова Жансая 63 келі салмақ дәрежесінде 3 орын иегері атанып, намысты қолдан бермей, жеңіс тұғырынан көрінді.

Бекмағамбетова Жансая біздің ауылымыздың мақтанышына айналған, нағыз мықты спортшылардың бірі. Жансая бүгінде Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер. Жансаяның бүгінгі күнге дейін жеткен еңбегі мен жетістіктеріне жаттықтырушысы Каниев Ертай Айтмұхаметұлының да еңбегі орасан зор.

**М.ҚАСҚАТАЕВА,**
**С.Сейфуллин атындағы кент әкімі аппаратының әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы.**



Шет шұғыласы,2022. - 9 маусым (№23). - 4 б.